



Мерекенізбен! С 8 Марта!

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ГАЗЕТИ

ҚАМЫСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

КАМЫСТИНСКИЕ НОВОСТИ

РАЙОННАЯ ОБЩЕСТВЕННАЯ ГАЗЕТА

1956 жылғы қазаннан бастап шығады ■ издаётся с октября 1956 года

nov_put@mail.ru

№9 (6648) ■ Жұма / Пятница ■ 7 наурыз / марта ■ 2025 жыл / год

Қымбатты ханымдар!

Сіздерді әсемдік пен әдеміліктің, мейірім мен махаббаттың символына айналған шуақты көктем мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Алыптың да анадан туатынын ескерсек, нәзік жандыларға деген құрмет те, қошемет те, қолдау мен қорғау да

мемлекеттік тұрғыда күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселе болып қала береді.

Қазіргі қоғамда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттік қызмет пен қоғамдық істе де, кәсіпкерлік пен тәлімгерлікте де тамаша табыстарға қол жеткізе отырып, саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі.

Гүл көктемнің шуақты мерекесінде баршаңызға зор денсаулық тілеймін. Отанымыздың бір бөлшегі – отбасында бақытқа бөленіп, еңбекте, кәсіпте табысқа кенеле беріңіздер!

Әйелдер мерекесі әлемді әдемілігімен әрлендірсін, әсерімен әлдилесін!

Ерлан ЖАУЛЫБАЕВ,
Қамысты ауданының әкімі

Дорогие женщины!

Сердечно поздравляю вас с праздником весны - Международным женским днём 8 Марта!

Женщина во все времена занимала достойное место в любой сфере жизни общества.

Наши матери, представительницы прекрасной половины человечества были не

только хранительницами очага, они продвигали общество вперед, укрепляя единство государства и способствуя увеличению его достатка.

Мы искренне гордимся вашими впечатляющими успехами в профессиональной и общественной деятельности, восхищаемся вашей мудростью, терпением, тактом и

душевной чуткостью. Вас всегда отличает активная жизненная позиция и целеустремленность.

От всей души желаю вам здоровья, любви, неиссякаемой энергии и успехов!

Ерлан ЖАУЛЫБАЕВ,
аким Камыстинского района

МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ

Өлшеусіз еңбек иесі

Еңбек ардагері Сәлима Төлебаеваның есімі көпке үлгі

Арқа ауылында тұратын ардагер-ұстаз Сәлима Төлебаеваның есімін ауыл халқы жақсы таниды, құрметтейді.

Ол саналы ғұмырын ауылдағы орта мектепте арнады. Бастауыш сынып мұғалімі болған ол білгенін балаға үйрете білді. Ол өз мамандығын шын сүйетін мұғалім, нағыз ұстаз деген атқа лайық болу үшін өз уақытын аямай, ұзақ жыл білім саласында қызмет етті. Оның өмірі мен еңбек жолы қазақ қоғамында үлкен құрметке ие болып, қазіргі педагогтар мен шәкірттер үшін шынайы үлгі боларлықтай.

Еңбек ардагері Сәлима апамыз 1939 жылы Қостанай облысы, Денисов ауданы, Орджоникидзе поселкесінде дүниеге келген. Оның балалық шағы екінші дүниежүзілік соғыс жылдарымен тұспа-тұс келді. Әкесі Әмір Шаймұхамедов соғысқа алынып, шешесі Әнипа үш баланы жалғыз өзі тәрбиелеп өсірді. Бұл қиын жылдар Сәлима мен оның бауырларына қиындықты бастан өткертіп, оларды еңбекке баулады. Жастық шағында таршылықты, кедейшілікті көріп өскен Сәлима апамыз болып жұмыс істей бастады. Бірақ ол өзіне ұнаған ұстаздық қызметке қарай қадам басып, Денисов ауданындағы білім

бөлімінде хатшы-машинист болып қызмет етті. 1960 жылы Сәлима апамыз өміріндегі ең маңызды қадамды жасайды – Әлімхан Төлебаевқа тұрмысқа шығып, Камышнин ауданы, Тохтаров совхозына қоныс аударды. Мұнда ол жетіжылдық



Ардақты ана Сәлима Төлебаева

мектепте бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істейді. Кеңес үкіметі кезінде совхоздарда мұғалімдер жетіспейтін болғандықтан, Сәлима сияқты еңбеккер педагогтарға үлкен сұраныс болды. Білім беру ісінде өзінің жоғары кәсібилігімен ерекшеленген ол көп

ұзамай жаңа білім ошақтарына ауысып, өзінің ұстаздық жолын жалғастырды. Сәлима Төлебаева өзінің 40 жылдық ұстаздық қызметінде КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері, Қазақ ССР оқу министрлігінің аға мұғалімі, Қазақ КСР Халық

ағарту ісінің үздігі атағына ие болды. Оның шәкірттері мен қызметтестері оның еңбекқорлығын, жауапкершілігін және кәсіби біліктілігін жоғары бағалады. Сонымен қатар, ол ұрпақ тәрбиесіне де ерекше мән берді. Өмірдің барлық қиыншылықтарына

қарамастан, ол үш баласын да адал еңбекке баулады. Ұлы Ермек құқық қорғау саласында қызмет атқарып, полковник атағын алған, ал қызы Сәуле Арқа ауылындағы Красный Октябрь мектебінің директоры болып, аудандық мәслихаттың депутаты қызметін атқарды.

- 1960 жылы Жігітқарадан жолдасымның жұмыс бабымен осында көшіп келдік. Ол кезде жас отбасы едік. Сәуле деген қызым енді ғана дүниеге келген. Біз келген кезде бұл жер шағын ғана ауыл болатын. Бірте-бірте құрылыстар, түрлі әлеуметтік нысандар салынды. 1974 жылы жаңадан мектеп бой көтерді. Бізді сонда ауыстырды. Мен мектепте бастауыш сынып мұғалімі едім. Ол кезде мұғалімдер саны қырықтан асатын, - дейді еңбек ардагері.

Сәлима апамыздың өміріндегі тағы бір маңызды кезең – ол 1994 жылы зейнетке шыққаннан кейін де ұрпақ тәрбиесіне, қоғамға өз үлесін қосуды жалғастырды. Оның еңбегі тек педагогикалық салада ғана емес, сонымен қатар отбасы тәрбиесінде де айтарлықтай із қалдырды. Бүгінде ол алты шөбере сүйіп, өмірінің ең үлкен бақытын сезініп отыр. Арқа ауылының абыз анасына айналды. Жыл сайын ұстаздар күні қарсаңында ҚР Оқу ағарту министрлігінен Алғыс хаттар алып тұрады.

-Бұл менің көп жылғы еңбегімнің жемісі. Ұмытпайды, құрметтеп жатады. Оның сыртында оқытқан шәкірттерінің өзі бір төбе. Әлі күнге дейін келіп, халімді біліп тұрады. Алыста жүрген шәкірттерім хат жолдап жатады, - дейді сексеннің алтынан асқан ана.

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

**Ардақты әжелер, аяулы аналар,
қымбатты ханымдар!**

Сіздерді көктемгі күннің көзіндей жылы жүзді, тұлға бойына сұлулық тұнған, арқаның ажарындай нұрлы да келбетті, қызғалдақтай алаулаған аруларымызды 8 Наурыз – халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Осы бір тамаша мереке әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгілік белгісі сияқты. Біздің қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігінің ұйытқысы ғана емес, ол мемлекеттік істерге, саяси мәселелерге

белсене араласатын тұлға. Сіздер өмірді нұрландырып, шаңыраққа шаттықтың шуағын әкелесіздер. Әйелдің жүрегі - әлемнің тірегі. Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, шаңырақтарыңызға шаттық, ырыс-құт, игілік тілеймін! Әр таңдарыңыз арайлап атып, күндеріңіз нұрға толсын!

Н. ИСКАКОВ,
*Қамысты аудандық
маслихатының
төрағасы*

Дорогие женщины!

От всей души поздравляю вас с самым прекрасным, весенним праздником – Международным женским днем!

Этот день – особенный. Он наполнен теплом, радостью и восхищением перед вами – женщинами, которые делают наш мир светлее, добрее и гармоничнее. Вы – хранительницы семейного уюта, преданные профессионалы своего дела, вдохновительницы, чья забота и любовь наполняют жизнь смыслом.

Ваш труд, терпение, мудрость и сила духа заслуживают самого искреннего уважения и признательности.

Весна, как и женщина, несет в себе обновление, нежность и красоту. Пусть эта весна подарит вам только радостные мгновения, пусть в ваших сердцах всегда живут любовь, счастье и вдохновение! Пусть сбудутся все мечты, а каждый день будет наполнен улыбками, гармонией и благополучием.

Будьте любимы, окружены вниманием и теплом близких! С праздником, дорогие женщины!

Н. ИСКАКОВ,
*председатель
Камыстинского
районного
маслихата*

К ДАТЕ

Женщины, которые могут все

Камыстинские предпринимательницы организовали праздничное мероприятие в честь 8 Марта

Организаторами праздника выступили председатель и член филиала Камыстинского района Ассоциации деловых женщин Казахстана Роза Акбасова и Жамал Жарбулова.



Гости праздника получили заслуженное внимание и искренние поздравления

В преддверии Международного женского дня они организовали в кафе «Ханшайым» особенную встречу, посвященную женщинам, внесшим значительный вклад в развитие Камыстинского района. Предпринимательницы с большим вниманием и теплотой подошли к подготовке праздника.

Среди приглашенных были уважаемые представительницы разных сфер - ветераны труда, государственные служащие, педагоги, медработники и другие. Гостями торжества стали Асия Бекмухамедова, Зоя Маевская, Мария Бражкова, Алуа Умуртаева, Ракия Сыздыкова, Багитжамал Мендалина, Жаугар Досманова, Гульнар Рахметова, Гульбаршин Шунукова.

В неформальной обстановке собравшиеся делились воспоминаниями, поздравляли друг друга и выражали искреннюю благодарность за многолетний труд и преданность делу.

- Дорогие женщины, вы достойны самых искренних и лучших пожеланий. Ваш вклад в развитие района – бесценен. Спасибо за долгие годы службы, вашу самоотдачу, мудрость и опыт! - поблагодарили предпринимательницы.

Жамал Жарбулова акцентировала внимание на том, что нынешнее общество трансформируется, а вместе с ним растет значимость сельской

женщины, что очень важно в современном мире.

Гостей ожидала праздничная программа с живой музыкой, теплые слова поздравлений и приятные сюрпризы. Особенно трогательно было увидеть реакции женщин на переданные для них видеопоздравления от сыновей и внуков.

- Несмотря на карьерную деятельность, счастье каждой женщины заключается в создании семьи, рождении детей и заботе о родных. Это очень большой труд, который требует постоянного совершенства, - поделилась Роза Акбасова.

Участницы встречи рассказывали увлекательные истории из жизни, делились своими секретами, а также весело кружили в танце.

В завершение организаторы поблагодарили женщин за их неоценимый вклад в развитие района и пожелали им здоровья, благополучия и радости.

Праздничный вечер стал ярким напоминанием о важности поддержки, уважения и признательности к женщинам, которые своим трудом и заботой делают мир вокруг лучше.

Дина НУГМАНОВА,
фото автора

«Қайрат» ӨКФ ЖШС Қостанай облысы, Қамысты ауданы, Қамысты ауылында орналасқан кәсіпорынның өндірістік алаңы бойынша қоршаған ортаны қорғау бөлімінің материалдарына арналған қоғамдық тыңдауларды ашық

талқылау түрінде өткізу туралы хабарлайды.

Ашық талқылаулар 2025 жылғы 17 наурыздан бастап <https://ecportal.kz/> Бірыңғай экологиялық порталында жарияланған сәттен бастап 5 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

ҚОҚ бөлімінің әзірлеушісі: ЖК Вакольчук Н.Д.

Ескертулер мен ұсыныстарды мына мекенжайларға жіберуге болады: <https://ecportal.kz/> Letsiknn@mail.ru Байланыс телефоны: 87056032873.

ТОО ПКФ «Қайрат» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по материалам раздела охраны окружающей среды для промплощадки предприятия, расположенной в с.Камысты, Камыстинского ра-

йона, Костанайской области.

Публичные обсуждения проводятся в течение 5 рабочих дней с момента публикации на сайте Единого экологического портала <https://ecportal.kz/> с 17 марта 2025 года.

Разработчик раздела ООО ИП Вакольчук Н.Д.

Замечания и предложения можно отправить <https://ecportal.kz/>, Letsiknn@mail.ru Контактный телефон 87056032873.

МЕРЕКЕ

Ардақты ана Айымкүл

Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің үлгісі

Қазақта «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген гибратты сөз бар. Бұл сөздің астары қыз-келіншектердің ер-азаматтармен қатар ауқымды істерге араласа алатынын, үлкен нәтижелерге қол жеткізетінін аңғартады. Қайсар, жан-жақты, алғыр, кәсібіне берілген, білімді де білікті әйелдер біздің ауданымызда да көп. Үй мен түздің тірлігін қатар алып, әрекетінен берекетін тауып, әдеті мен мінезін қалыптастырып, тағдырын жарастырған жанның бірі – Қамысты аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Айымгүл Мақаева.

Кейіпкеріміз 1963 жылы Қамысты ауданында дүниеге келген. Осында мектеп бітіріп, ата-анасының үлгілі тәрбиесінің арқасында жоғары білім алып, 1994 жылы есепке алу кредиттік техникумын тәмамдап, банк саласының маманы атанған. Кейін З.Алдамжар атындағы Қостанай әлеуметтік-техникалық университетінде есеп және аудит мамандығы бойынша білім алды.

Еңбек жолын Камышин тұқым инспекциясында зертханашы, содан кейін осы



өңірдегі статистика бөлімінде операторы болып бастады. Он жыл бойы мемлекеттік банкте қызмет еткен ол, кейін 27 жыл бойы әлеуметтік қорғау жүйесінде жұмыс істеді. Бұл салада бастапқыда қарапайым маман ретінде еңбек еткен Айымгүл Мақаева өзінің еңбекқорлығы мен жауапкершілігінің арқасында біртіндеп мемлекеттік мекеменің басшысы атаңды. Осы уақыт ішінде ол көптеген

адамдардың мәселелерін тыңдап, олардың жағдайларын жақсартуға қолдау көрсетті. Әрбір адаммен кездесіп, оның мәселесіне құлақ асқан кезде, ол тек жұмыс емес, жүрекпен істейтін істердің маңыздылығын түсінді.

Айымгүл Мақаева үшін ең үлкен марапат – ол адамдардың «рақмет» айтып, күлімдеп кетуі. Ол өз жұмысына деген жанашырлықпен қарайды

және әрдайым дұрыс шешімдер қабылдауға тырысады. Бұл оның адамгершілігін, ұқыптылығын және кәсібиілігін дәлелдейді.

Қазіргі уақытта Айымгүл ханым зейнетте болғанымен, сайлау жүйесіндегі қызметін жалғастыруда. Ол көп жылдан бері сайлау науқандарында белсенді қызмет атқарып келеді, бұл да оның үлкен тәжірибесі мен кәсіби біліктілігін талап етеді. Айымгүл Мақаева әрдайым дамып отыруды, жаңа білімдермен толықтыруды және мемлекетіміздегі жаңалықтардан хабардар болуды басты міндеті деп санайды. Ол облыс жаңалықтарына, әсіресе өзінің ауданындағы іс-шараларға үнемі назар аударып, жаңа идеялар мен бастамаларды қолдауға дайын.

Оның еңбекқорлығы мен жауапкершілігі көп рет басқарушы тарапынан жоғары бағаланып, бірнеше рет алғыспен мемлекеттік наградалармен марапатталды. Айымгүл ханым өзінің жетістіктерін тек өз егебегінің арқасында ғана емес, ең бастысы, өз отбасының қолдауы мен көмегі арқасында алғанын айтады. Оның отбасы – оның сенімді

тірегі. Жұбайы биыл зейнетке шығады, ал ұлы полиция қызметкері болып жұмыс істеп, Жітіқара ауданында тұрады.

– Жақсы адам, мақтаулы маман болуымыз – ата-анамыздың тәрбиесінің арқасы. Әкем – Ұлы Отан соғысына қатысушы. Соғыстан алған ауыр жарақаттан ерте өмірден өтті. Үйде бес бала едік. Бәрімізде кішкентай едік. Анамыз бәрімізді жеткізді. Бәрін көтеріп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Сексенге жетпей көз жұмды. Қиындық пен қуанышты бірге бөлістік. Бала күнімде анамның қасынан шықпайтынмын. Көмектесіп үнемі қасында жүретінмін. Таңдаған мамандығыма ешқашан өкінген емеспін. Жолдасым өте парасатты жан еді. Менің алаңсыз еңбек етуіме жағдай жасады. Бәріне түсіністікпен қарайтын, маған сенетін. Екеуіміз екі бала тәрбиелеп, өсірдік. Мемлекеттік қызметте жүргенімізбен үйде ана екенімізді ұмытпаймыз. Аулада бау-бақша баптап, гүл өсіргенді ұнатамын. Жайқалған жасыл желектің ортасында отыру бір ганибет қой. Қоғамға пайдамыз тисін деп қолдан келгенше еңбек етуге тырысамыз, әлде де еңбектен

береміз – дейді Айымгүл Қуанышбайқызы өз әңгімесінде.

Айымгүл ханым өзінің денсаулығына ерекше назар аударып, жаяу серуендер жасап, физикалық белсенділікке көңіл бөледі. Бұл оның өмірге деген оң көзқарасын, белсенділігін және өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауын көрсетеді.

Қазіргі уақытта ол барлық әйелдер мен аналарды Халықаралық әйелдер күнімен құттықтап, бақыт, денсаулық, сұлулық, гүлдер мен сыйлықтар тілейді. Айымгүл ханым үшін бұл мереке тек бір күнде ғана емес, өмірдің әрбір кезеңінде әйелдерге және аналарға деген назар мен құрметтің белгісі болып табылады. Оның жүректарды тілегі — барлық әйелдерге өмірде әрдайым жақсылық, махаббат, отбасылық бейбітшілік және әл-ауқат болсын!

Айымгүл Мақаева өзінің еңбек жолы мен қоғамдық қызметінде адал еңбек пен адамгершіліктің жоғары үлгісін көрсетіп келеді. Оның өмірі мен қызметі көптеген адам үшін шабыт пен үлгі боларлықтай.

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

по поводу

ӘЗІРЛІК

Жест доброты

Жители района в День благодарности получили продуктовые наборы

День благодарности – праздник, символизирующий уважение, признательность и взаимопомощь. В этот особенный день жители района получили не только теплые слова поздравлений от руководства района, но и продуктовые наборы, которые стали приятным и важным подспорьем для многих семей.

Всего было роздано 70 наборов. В них вошли самые необходимые продукты – масло, мука, сахар, макароны и другие продовольственные товары.

Такая инициатива стала возможной благодаря неравнодушию и поддержке спонсоров, которые откликнулись



помочь землякам. Их вклад в проведение этого доброго праздника невозможно переоценить, и они заслуживают особых слов признательности: ТОО «Алтынсарино», ТОО «ПКФ «Кайрат», ИП

«Гудиал» Айтмагамбетова С.С., магазин «АЗИЯ» Калиева А., ИП «Акбасова Р.С.», ИП «Адай» Саимов М.Ж., ИП «Жарбулова», ТОО «Компания Саламат», магазин «Рахат» ИП «Алтынай».

1 марта на Центральной площади села Камысты был организован сбор продуктов. Акимы сел и сельских округов, а также сотрудники государственных учреждений и организации, волонтеры загрузили гуманитарный груз для их счастливых получателей. Земляки оценили этот жест доброты, с благодарностью приняв презенты.

Отметим, что Камыстинский район с радостью станет доброй традицией, объединяющей людей и наполняющей сердца теплотой! Этот день вновь напомнил нам, как важно ценить друг друга, помогать и поддерживать, - заключили организаторы акции.

Дина НУГМАНОВА,
фото предоставлено
Бахытгуль БАЙБАКИРОВОЙ

Камысты ауданының аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЛАМАСЫ

2025 жылғы 2 наурызда бір сайлау округі бойынша Камысты ауданы Клочков ауылдық округінің әкімін сайлауы өтті.

Камысты ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 113-10-бабына сәйкес Клочков ауылдық округінің әкімін сайлау нәтижелері туралы үчаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде мынадай сайлау қорытындылары белгіленді:

Клочков ауылдық округінің әкімін сайлау бойынша Клочков сайлау округі

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 336 азамат енгізілген, олардың ішінде 274 дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдердің саны - 3, «Бәріне қарсы» деген жолда белгісі бар - 15.

Әр үміткерге берілген дауыстар саны:

Исмұрзин Т.К. – 47, Қуандықов Е.К. – 53, Наурызбаев А.Б. – 156.

Клочков ауылдық округінің әкімі болып Наурызбаев Аскар Батырханович сайланды, 1992 жылы дүниеге келген, «Қостанай облысы бойынша еңбек мобилділігі орталығы» КММ «Қостанай қаласының мансап орталығы» филиалы, маман, Қостанай қаласында тұрады, өзін-өзі ұсыну жолымен ұсынылған.

Камысты ауданының аумақтық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9-тармағына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес 2025 жылдың 4 наурыздағы шешімімен 2025 жылғы 2 наурызда сайланған Клочков ауылдық округінің әкімі етіп Наурызбаев Аскар Батырхановичты тіркеді.

Комиссия төрағасы
А.К. Макаева

СООБЩЕНИЕ территориальной избирательной комиссии Камыстинского района

2 марта 2025 года состоялись выборы акима Клочковского сельского округа Камыстинского района по одному избирательному округу.

Территориальная избирательная комиссия Камыстинского района в соответствии с подпунктом 9) статьи 14, пунктом 2 статьи 44, статьей 113-10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан», на основании протоколов участковых избирательных комиссий о результатах выборов акима Клочковского сельского округа установила следующие итоги выборов:

Клочковский избирательный округ по выборам акима Клочковского сельского округа

В список избирателей по избирательному округу включены 336 граждан, из них проголосовали 274. Число недействительных бюллетеней – 3, с отметкой в строке «Против всех» - 15.

Число голосов, поданных за каждого кандидата:

Исмұрзин Т.К. – 47, Қуандықов Е.К. – 53, Наурызбаев А.Б. – 156.

Избран акимом Клочковского сельского округа Наурызбаев Аскар Батырханович, 1992 года рождения, филиал «Карьерный центр города Костаная» КГУ «Центр трудовой мобильности по Костанайской области», специалист, проживает в городе Костаная, выдвинут путем самовыдвижения.

Территориальная избирательная комиссия Камыстинского района в соответствии с пунктом 9 статьи 14, со статьей 45, пунктом 1 статьи 113-11 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» решением от 4 марта 2025 года зарегистрировала избранного 2 марта 2025 года Наурызбаева Аскара Батырхановича акимом Клочковского сельского округа.

МАКАЕВА А.К.,
председатель комиссии

Көктемгі дала жұмыстарына дайындық қалай?

Камысты ауданының ауыл шаруашылығы саласында 2025 жылға көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге дайындық белсенді түрде жүргізілуде. Ауданның егіс алаңдарының құрылымы, тұқыммен қамтамасыз ету, минералды тыңайтқыштармен және жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ ауылшаруашылық техникаларының дайындығы бойынша нақты жоспарлар бекітілген. Камысты аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандары осылай дейді.

-2025 жылға ауылшаруашылық дақылдарының егіс алаңдарының құрылымы әртараптандырылып, Жол картасының индикативті көрсеткіштеріне сәйкес, бидай алқабы – 271,2 мың га (2024 жылмен салыстырғанда 9,9 мың га өсім), арпа – 18,1 мың га (2024 жылмен салыстырғанда 1,3 мың га өсім), майлы дақылдар – 41,1 мың га (2024 жылмен салыстырғанда 31 мың га өсім), біржылдық шөптер – 5,2 мың га (2024 жылмен салыстырғанда азаюы), картоп – 157 га. Сонымен қатар, аудан аумағында су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланған алаң көлемі 520 га құрайды, бұл көрсеткіш өткен жылы 120 га болған еді (ТОО «Алтынсарино»),

- дейді Камысты аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің агрономия жөніндегі әдіскері Әсел Қармақова. Тұқым жаңарту көктемгі дала жұмыстарын жүргізудің маңызды кезеңі болып табылады. Былғы жылға жоспарлы тұқым жаңарту көрсеткіші 10,7% құрайды, яғни 3,7 мың тонна элиталық тұқым егуге дайындалған. Қазіргі уақытта 34,8 мың тонна тұқым зертханаларға жіберіліп, толықтай тексерілген және тұқымдардың барлығы кондициялық деп танылған.

2024 жылы жоспарланған 27,4 мың тонна минералды тыңайтқыштың тек 632 тоннасы алынған. 2025 жылға минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету жоспары 21,5 мың тоннаға белгіленген. Бүгінгі таңда аммиак селитрасы мен аммофос сатып алуға 25 шаруашылықтан өтініштер түскен,

ал ақпан-наурыз айларында тыңайтқыштарды сатып алу бойынша келісімшарттар жасалатын болады.

Көктемгі дала және орақ жұмыстарын жүргізу үшін аудан шаруаларына 10,6 мың тонна жанар-жағармай материалдары бөлінген, оның 5,2 мың тоннасы көктемгі дала жұмыстарына қолдануға жоспарланған. Қазіргі уақытта 62 электронды өтініш түсіп, олардың ішінде 40 шаруашылық жанар-жағармай жеткізетін операторын таңдаған.

Көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыру мақсатында аудан шаруаларынан 608,3 млн теңге көлемінде 16 өтініш қабылданды. Оның ішінде: «Кен Дала» бағдарламасы бойынша 2 өтініш 368,8 млн теңге мақұлданды, «Кен Дала 2» бағдарламасы бойынша 4 өтініш 232 млн теңге мақұлданды, «Агро Бизнес» бағдарламасы бойынша 1 өтініш 12,5 млн теңге мақұлданды.

-2025 жылға көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге дайын ауылшаруашылық техникаларының саны айтарлықтай көп. Жоспар бойынша көктемгі дала жұмыстарында 803 трактор, 161 егіс кешені және 1349 себу қондырғысы қатысады. Қазіргі таңда техникалардың дайындығы 97%-ды құрайды. 2024 жылы 70-ке жуық жаңа техника мен ауылшаруашылық жабдығы сатып алынып, 160-тан астам техника жойылды. Машина-трактор паркін жаңарту пайызы 6,1%-ды құрады, - Әсел Қармақова.

Камысты ауданының аграрлық секторы үшін 2025 жылға көктемгі дала жұмыстарына дайындық барлық бағыттар бойынша жоғары деңгейде жүргізілуде. Егіс алаңдарын әртараптандыру, тұқыммен қамтамасыз ету, тыңайтқыштар мен жанар-жағармай материалдары, ауылшаруашылық техникаларының дайындығы – барлығы осы жылдың егіс науқанын сәтті өткізу үшін толық дайын. Аудан аграрийлерінің жүйелі жұмыстары көктемгі дала жұмыстарын тиімді және уақытында өткізуге мүмкіндік береді.

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

ОПРОС

«Каждая женщина прекрасна по-своему»

Так считают мужчины-камыстинцы, принявшие участие в опросе накануне Международного женского дня

Абай ЖУСУПОВ:

- Женская мудрость – это то, что меня восхищает больше всего. Иногда они видят суть вещей намного глубже. Они замечают нюансы, о которых мы порой не задумываемся, дают советы, которые кажутся простыми, но оказываются невероятно точными.

Евгений КУЗНЕЦОВ:

- Я ценю ум и чувство юмора. Это всегда делает женщину в моих глазах невероятно привлека-

тельной. Приятно, когда можно поговорить по душам и обсудить серьезные темы.

Куаныш ТОКМУРЗИН:

- Для меня женщина – это в первую очередь верный друг, который всегда понимает, поддерживает, а если нужно – подскажет и направит. Быть рядом с человеком, который искренне заботится о тебе и при этом остаётся собой – это огромный дар.

Дамир ТЫКИБАЕВ:

- С женщиной должно быть интересно, поэтому я ценю чувство юмора и легкость в общении.

Также меня всегда поражает их удивительное сочетание силы и нежности. Они могут быть хрупкими и эмоциональными, но при этом выдерживать колоссальные нагрузки. Умение быть мягкой и решительной одновременно – это настоящее чудо.

Фидан ШАФИКОВ:

- Мне всегда нравится

в женщинах их умение сочетать в себе мягкость и твердость характера. В жизни бывают разные моменты, и именно женщины чаще всего оказывают теми, кто не дает нам сдаться.

Болат СЕРГАЗИН:

- Я всегда восхищаюсь женской способностью быть невероятно чуткими и добрыми. Именно женская поддержка, искреннее слово, заботливый взгляд могут придать сил и помочь двигаться

дальше. Они умеют вдохновлять, мотивировать, верить в нас даже в самые сложные моменты.

Владимир КОЛЯДА:

- Глубоко уважаю искренность и преданность, хозяйственность и слабость. Женщины умеют хранить традиции, поддерживать семью, создавать уютную атмосферу дома. Они могут быть сдержанными, но в их сердце всегда живет большая любовь к своим близким. Они всегда ве-

рят в своих родных.

Куаныш УРАЗБАЕВ:

- Настоящая женская красота – это не только внешность. Это доброта, мудрость, способность любить и вдохновлять. Женщина может просто быть рядом – и от этого становится теплее. Они делают мир вокруг светлее, добрее. Без женщин наша жизнь была бы пустой.

Дина НУГМАНОВА

КАМЫСТИНСКОМУ РАЙОНУ - 70 ЛЕТ

Дни села Алтынсарино

В райцентре прошли праздничные юбилейные мероприятия

Нынешний год для Камыстинского района ознаменован рядом юбилейных дат: 70-летие образования Камыстинского района, 70-летие основания села Алтынсарино, 70-летие образования совхоза имени Алтынсарина.

План мероприятий, посвященный празднованию юбилейных дат, разработан руководством района с учетом общественного мнения и предусматривает вовлечение широких масс населения нашего края в данные мероприятия. В соответствии с ним празднества пройдут во всех селах и сельских округах с выездом на места организаторов спортивных и культурно-массовых мероприятий. Также предусмотрены дни сел и сельских округов в райцентре с проведением спортивных соревнований, концертных программ, ярмарочной торговли.

Данный почин был начат руководством ТОО «Алтынсарино» и представителями общественности села Алтынсарино.

26 февраля в физкультурно-оздоровительном комплексе райцентра прошел районный турнир по волейболу, в котором приняли участие три команды села Алтынсарино, команда ДЮСШ и команда сборной райцентра 2012-2013 года рождения.

По результатам спортивного дня призовые места распределились в следующем порядке: 1 место – ДЮСШ, 2 место – Алтынсарино, 3 место – сборная 2012-2013 г/р, 4 место – Алтынсарино-2, 5 место – Алтынсарино-3.

28 февраля на центральной площади села Камысты отделами предпринимательства и сельского хозяйства была организована праздничная ярмарочная торговля, в



Почетными гражданами района стали Владимир Коваль и Надежда Кисленкова



По традиции угощали шашу и караваем

которой приняли участие предприниматели Денисовского и Камыстинского районов, города Костаная. В широком ассортименте были представлены мясная, колбасная, молочная продукция, кондитерские и хлебобулочные изделия. Сельхозсектором района были доставлены сено, зерноотходы, ячмень. Данные наименования в конце зимовки особо были востребованы владельцами личных подсобных хозяйств. Всего реализовано 31,8 тонны товаров на сумму 2 млн 450 тыс. тенге.

Эстафета праздничных мероприятий была принята творческим коллективом села Алтынсарино. В районном Доме культуры была представлена разножанровая концертная программа. Возраст участников – от учащихся младших классов до представителей почтенного возраста.

Согласно традиции, участники концертной программы угостили присутствующих в зале караваем и шашу.

В перерывах между выступлениями самодеятельных артистов учителя Алтынсаринской общеобразовательной школы Несвельды Нуржанова и Татьяна Кравченко рассказали об истории образования, становления и развития села, о славных тружениках.

Аким района Ерлан Жаулыбаев и председатель районного маслихата Нурлан Искаков наградили званием «Почетный гражданин Камыстинского района» Коваль Владимира Павловича и Кисленкову Надежду Яковлевну, вручив им удостоверения, памятные ленты, национальные шапан и қамзол.

Ерлан Алимбаевич поздравил присутствующих с юбилейными датами региона и поблагодарил алтынсаринцев за организованные торжества, представленные жителям и гостям райцентра.

Благодарственным письмом акима Камыстинского района были награждены Шолпан Қайырбергенова, Екатерина Мальевская, диспетчер ТОО «Алтынсарино» Надежда Плотцева, учитель русского языка и литературы Татьяна Кравченко, учитель истории и права Несвельды Нуржанова, учитель начальных классов Самал Ахметбекова, хореограф ДК ТОО «Алтынсарино» Екатерина Ена, ветеран педагогического труда Владимир Кравцов, руководитель и методист КГКП ясли-сад «Карлыгаш» Данна Умурзакова и Алия Назарова.

Герой Труда Казахстана, почетный гражданин Камыстинского района Борис Князев вручил юбилейные медали Камыстинского рай-



Жители и гости райцентра по достоинству оценили выступления артистов

она передовым труженикам хозяйства Серику Бухарбаеву, Куандыку Ерниязову, Нурлану Бисенову, Николаю Лопатину.

Борис Павлович поздравил камыстинцев с юбилеем и выразил признательность руководству района за масштабное празднование значимой для нашего края даты. Он отметил, что впервые за всю историю района празднование юбилея проходит в новом формате.

Вокальные номера, сопровождаемые бурными аплодисментами, сменялись не менее впечатляющими хореографическими постановками. Хор алтынсаринцев стал свидетельством активного участия сельчан в культурно-массовой жизни.

Дни села Алтынсарино в Камысты начали эстафету



Широкий ассортимент продукции на ярмарке порадовал сельчан

празднования юбилея, задавая высокую планку для проведения общественно-массовых праздничных мероприятий. Жители и гости райцентра остались довольны

артистическим мастерством и организаторскими способностями алтынсаринцев.

Рауан БАЕКЕНОВ,
фото автора




Волейболисты показали высокий уровень владения мячом



Юные алтынсаринцы проявили свои таланты

Редакция может публиковать статьи в порядке обсуждения, не разделяя точку зрения автора. Ответственность за рекламу несет рекламодатель. Компьютерный набор редакции, печать офсетная, объем – один печатный лист.

<p>Собственник ТОО «Редакция общественной газеты «Қамысты жаңалықтары – Камыстинские новости»</p>	<p>Редактор Дина НУГМАНОВА</p>	<p>Свидетельство о постановке на учет №12720-Г от 26.04.2012 г. Выдано Министерством культуры и информации РК. Наш адрес: 110800, с. Камысты, ул. Ленина, 18. Телефоны: 21-1-43, 49-0-33.</p>	<p>Газета выходит один раз в неделю, в пятницу. Тираж 200. Заказ №301</p>	
---	---	---	---	---

Отпечатано в типографии ТОО «Полиграфия Костанай». Адрес: г. Костанай, ул. Мауленова, 16.